



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

индивидуальной деятельностью, которые зависят от формы организации сотрудничества, количества сотрудничающих людей, их отношения к совместной деятельности. Возрастает объем успеваемости и глубина понимания учебного материала, растет познавательная активность и творческая самостоятельность студентов, меньше времени тратится на формирование знаний и умений. Студенты во время сотрудничества и дискуссии лучше запоминают учебный материал.

Список использованных источников

1. Лийметс Х.И. Групповая работа на уроке. М., 1975.
2. Посталюк Н. Ю. Педагогика сотрудничества: путь к успеху. Казань, 1992.
3. Рубцов В.В. Организация и развитие совместных действий у детей в процессе обучения. М., 1987.
4. Формирование интереса к учению у школьников/Под ред. А.К. Марковой. М., 1986.
5. Цукерман Г.А. Совместная учебная деятельность как основа формирования умения учиться. М., 1992.

ӘОЖ 159.9

ЭМОЦИЯЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ДЕНСАУЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Аманкелді Ботакөз Русланқызы, Әбішова Айкөркем Сайлыбекқызы, Әшім Аяжан
Мұратқызы, Шалхарова Гульжан Байғалиевна**

aikorkewa@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Психология» мамандығының 3-курс студенттері
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ерментаева А.Р.

Адам тіршілігі үшін эмоцияның маңызын түсіндірген теорияның тұңғышы Ч. Дарвин [1] есімімен байланысты. Кейіннен психологияда эмоция мәселесінің адамның тұлғалық құрылымындағы көптеген сипат-белгілермен байланысы талай еңбектерде, зерттеулерде дәйектелген. Тіпті эмоциямен байланысты талай жаңа категориялар анықталды. Соның бірі – «эмоциялық интеллект» ұғымы.

«Эмоциялық интеллект» ұғымын тұңғыш 1990 жылы ғылыми категория ретінде Питер Салоуей қолданған [2].

Психологиялық әдебиеттерге жасалған талдаудан эмоциялық интеллект адамдардың өзіне және өзге адамдарға үйлесімді қатынаста болуына, кәсіби іс-әрекетте және жеке өмірде жетістіктерге жетуге мүмкіндік беретіні айқындалды. Сондықтан, эмоциялық интеллект тұлғаның әлеуметтену үдерісінде аса маңызды орын алады.

Эмоциялық интеллект – адамның ішкі жай-күйінде, айналадағыларға деген эмпатиялық қатынаста, идентификацияда, эмоционалды күйлермен мінез-құлықты бақылау және рефлексиялауда, эмоциялық ақпаратты адамдармен қарым-қатынас кезінде қолдануда көрінеді.

«Эмоциялық интеллект» ұғымын анықтауда шетелдік ғылымда түрлі позициялар бар.

Питер Салоуей және Джон Майер [3] эмоциялық интеллектіні біріншіден, тұлғаның эмоциялық көріністерін дәлме-дәл қабылдап, түсінумен, екіншіден, интеллект, ақыл-ой арқылы эмоцияны басқару, реттеу қабілеті бойынша анықтап, тұжырымдаған.

Сондай-ақ, П. Салоуей, Дж. Мэйер және Д. Карузо [4] эмоциялық интеллектінің әлеуметтік интеллект құрамына кіретінін бекітеді.

Қазіргі кезде барынша кең танымал болған эмоциялық интеллект теориясы Д. Гоулманға тән [5]. Ол эмоциялық интеллектіні күрделі тұлғалық құрылым ретінде анықтайды. Мұнда эмоциялық интеллект құрамына тұлғаның өз психикалық жай-күйін

аңғарып, басқаруға; аффектік импульстерді бақылауға, реттеуге; фрустрациялық белгілерді тануға; табысты әрекет етіп, өмір сүруге қажетті шарттар және тұлғаның өз интеллектісін, ақыл-ойын, парасаттылығын көрсету тәсілі болып дәйектеледі.

Р. Бар-Он [6] эмоциялық интеллект ұғымын қабілет ұғымымен байланыстырады. Оның ойынша, эмоциялық интеллектісі дамыған адам кез келген ортаға бейімделіп, өзін танытуға ықпал ететін эмоциялық, жеке және әлеуметтік қабілеттердің ықпалдасуы болып табылады.

Орыс тіліндегі психологиялық әдебиетке «эмоциялық интеллект» ұғымын алғаш Г.Г. Гарсковая [7] қолданысқа енгізген. Ол интеллект түрлерінің айырмашылығын негізге ала отырып, ақыл-ой амалдары мен әрекеттерінің эмоциямен байланысын нақтылау қажеттігін ұстанады.

И.Н. Андреева [8] эмоциялық интеллектінің тұлғаның тіршілік әрекетіндегі, бейімделу жағдайындағы және өзара әрекеттестіктегі, өзара қатынас жасаудағы маңызын айқындап, анықтайды.

М.А. Манойлова [9] эмоциялық интеллект туралы анықтамаларды жалпылап, бұл ұғымды ішкі тұлғалық және тұлғааралық бағыттылығы бар когнитивті, рефлексивті, мінез-құлықтық, коммуникативті қабілеттердің өзара байланысқан жиынтығы болатынын сипаттайды.

Біздің елде эмоциялық интеллект мәселесіне тікелей арналған зерттеулер болмаса да, қазіргі кезде оның шетелдік теорияларын әлеуметтік ерекшеліктерге байланысты негізделген бірқатар аспектілері қарастырылуда.

Біз де, психолог-зерттеушілердің пікіріне сәйкес, эмоциялық интеллектіні адамның өзінің және өзгелердің эмоциясын дәлме-дәл түсіну, қабылдау және эмоциялық көріністерді ой елегіне салып, басқара алуға қабілеттілік ретінде қарастырып, негізге аламыз.

Яғни, әдебиеттегі теориялық негіздеріне сәйкес адамның өзіне және өзгеге деген қатынасы, қарым-қатынас жасауға қабілеттері, өмірдегі және өз әлемінде үйлесімділікті іздеудегі позициялары эмоциялық интеллект арқылы анықталады деген тұжырымды ұстанамыз. Бірақ, эмоциялық интеллектінің даму ерекшеліктері түрлі факторларға байланысты болып, әр түрлі жағдайда түрліше сипатталатынын ескеру керек. Сондықтан, адамның эмоциялық интеллектісінде денсаулығындағы өзгерістерге байланысты оның жасына, статусына қарамастан, жалпыланған ерекшеліктер болады деп болжамдаймыз.

Осыған орай, шағын эксперименттік зерттеуімізде мектеп оқушыларының, студенттердің және жоғары білімі бар адамдардың эмоциялық интеллектісінің соматикалық денсаулыққа байланысты ерекшеліктерін анықтауды мақсат еттік.

Таңдау тобында 40 адам болды. Олар: 15-17 жастағы жасөспірімдер - 10 мектеп оқушысы (5 ер бала, 5 қыз бала); 18-22 жас аралығындағы 20 студент (10 бойжеткен, 10 жігіт); 24-27 жас аралығындағы жоғары білімі бар жұмыс жасайтын 10 ересек адам (5 әйел адам, 5 ер адам).

Эксперименттік зерттеуде алдымен эмоциялық интеллектіні анықтауға арналған Холлдың әдістемесі қолданылды. Бұл әдістеме адамдардың өмірдегі эмоцияларын қалай танытып, қарым-қатынас жасайтынын және эмоциялық интеллектінің әр қилы жақтарын көрсетеді.


Ал, денсаулық жағдайын анықтау мақсатымен «ашық» анкета құрастырылып, сыналушыларға ұсынылды. Анкета нәтижесін сапалық талдау арқылы алынған мәлімет 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Сыналушылардағы денсаулықтың жағдайы (анкета бойынша)

Сыналушылардың категориялары	Қалыпты денсаулық	Денсаулықтағы өзгеріс
Оқушылар (=10)	70%	30%
Студенттер (=20)	75%	25%
Ересектер (=10)	40%	60%

Сонымен, зерттеуге қатысқан сыналушылардың арасында 15 студент (75%); 4 ересек адам (40%); 7 мектеп оқушысын (70%) өздерінде қалыпты денсаулық деп бағалады. Ал, 5 студент (25%); 6 ересек адам (60%); 3 мектеп оқушысын (30%) өздеріндегі денсаулықтың өзгеріске ұшырағанын келтірген.

Сыналушылардың денсаулық жағдайлары бойынша айырмашылық диаграмма түрінде анық көрінеді (1-сурет)



1-сурет. Сыналушылардың денсаулық жағдайлары

Енді, әрбір сыналушы категориясындағы денсаулық жағдайына байланысты Холл әдістемесінен алынған мәліметтерді көрсетіп, талдаймыз. Мұнда әдістеме шартына сәйкес стандартты 5 шәкіл қарастырылады: 1) эмоционалды хабарлылық, 2) өз эмоцияларын басқару, 3) өзін ынталандыру, 4) эмпатия, 5) басқалардың эмоцияларын тану.

Денсаулығы қалыпты ересек адамдардың эмоциялық интеллектісі бойынша орташа мәндері 2-кестеде бейнеленген.

2-кесте. Денсаулығы қалыпты ересек адамдардың эмоциялық интеллектісі бойынша орташа мәндер

№	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19
О.м	1	4,5	3,5	1	1,5	1,2	1,5	0,3	0,5	2	0,8	0,8	1	2,8	0,8	-0,3	0	0	1,8
№	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30								
О.м	0,5	1	0	1,8	1,3	1	1,3	1,8	1	0,5	1								

Сонымен, бұл категорияда эмоционалды хабарлылық орта есеппен 5,3 шамасында, өз эмоцияларын басқару 8,3-ке, өзін ынталандыру 5,2-ге, эмпатия 5,6-ға, басқалардың эмоцияларын тану 7-ге тең болды.

Денсаулығы қалыпты мектеп оқушыларының эмоциялық интеллектісі бойынша орташа мәндері 3-кестеде бейнеленген.

3-кесте. Денсаулығы қалыпты мектеп оқушыларының эмоциялық интеллектісі бойынша орташа мәндері

№	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19
О.м	-1,2	-1,1	7	7	2,2	2,1	2,4	1,2	1,5	1	2	1,5	1,7	1,7	1,4	1,8	1,2	7	1,2
№	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30								
О.м	7	1,1	1,2	2,3	1,7	2	0,7	2	2	0,8	2,5								

Кестеден көріп отырғанымыздай, денсаулығы қалыпты мектеп оқушыларында эмоционалды хабарлылық орта есеппен 9,1 шамасында, өз эмоцияларын басқару 21,1-ге, өзін ынталандыру 10,7-ге, эмпатия 15,9-ға, басқалардың эмоцияларын тану 8,1-ге тең болды.


Ал, денсаулығы қалыпты студенттердің эмоциялық интеллектісі бойынша орташа мәндері 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте. Денсаулығы қалыпты студенттердің эмоциялық интеллектісі бойынша орташа мәндері

№	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19
О.м	4,1	4,4	1	1,1	0,9	0,6	1,5	1,2	2	1,1	0,8	1,4	0,1	0,4	1,5	1,3	1,2	1,1	1,2
№	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30								
О.м	1,5	1,3	0,4	0,6	1,4	1	1,3	1,5	1,2	0,7	1,2								

Мұнда, эмоционалды хабарлылық орта есеппен 13, өз эмоцияларын басқару 7-ге, өзін ынталандыру 2,4-ке, эмпатия 7,4-ке, басқалардың эмоцияларын тану 8-ге тең болды.

Қалыпты денсаулық жағдайында сыналушылардың үш категориясы бойынша әлеуметтік интеллект ерекшеліктері арасындағы айырмашылықтар диаграмма арқылы анық көрінеді (2-сурет).



2-сурет. Сыналушылардың қалыпты денсаулық бойынша эмоциялық интеллект ерекшеліктері

Бұл диаграммадан денсаулығы қалыпты жағдайда эмоциялық интеллектіге байланысты эмоциялық хабарлылық бойынша ең жоғары көрсеткіш студенттерге, ал ең төменгі көрсеткіштер ересектерге тән екені анықталды. Ал, қалған төрт шәкіл бойынша ең жоғары мәнге оқушылар ие болды.

Денсаулықтары өзгерген ересек адамдардың эмоциялық интеллектісі бойынша орташа мәндері 5-кестеде көрсетілген.

5-кесте. Денсаулықтары өзгерген ересек адамдардың ересек адамдардың эмоциялық интеллектісі бойынша орташа мәндері

№	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19
О.м	-1,3	1,5	1,5	1,1	0,1	1,3	2,6	1,1	1	-1,1	1,5	2	1,3	1,3	2,1	2	1,8	2,3	1,5
№	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30								
О.м	0,8	1	0,3	1,5	1,3	2,8	0,1	1,6	1,5	1,1	1,1								

Денсаулықтары өзгерген ересек адамдарда эмоционалды хабарлылық орта есеппен 7,4 шамасында, өз эмоцияларын басқару 7,5-ке, өзін ынталандыру 6,3-ке, эмпатия 7,4-ке, басқалардың эмоцияларын тану 8-ге тең болды.

Денсаулықтары өзгерген мектеп оқушыларының эмоциялық интеллектісі бойынша орташа мәндері 6-кестеде салынған.

6-кесте. Денсаулықтары өзгерген мектеп оқушыларының эмоциялық интеллектісі бойынша орташа мәндері

№	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19
О.м	-2	-1,3	2,3	1,6	2	2,3	2,6	2,3	2	1,6	1	2	1,3	1	2	1,6	1,6	2,6	2
№	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30								
О.м	2	4	2	4	1	2,3	2,3	4	4	1	4								

Сонымен, кестеден көріп отырғанымыздай, бұл сыналушыларда эмоционалды хабарлылық орта есеппен 4,2 шамасында, өз эмоцияларын басқару 15,4-ке, өзін ынталандыру 10,2-ге, эмпатия 17-ге, басқалардың эмоцияларын тану 15,3-ке тең болды.


Денсаулықтары өзгерген студенттердің эмоциялық интеллектісі бойынша орташа мәндері 7-кестеде көрсетілген.

7-кесте. Денсаулықтары өзгерген студенттердің эмоциялық интеллектісі бойынша орташа мәндері

№	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19
О.м	1,6	2	1,4	2,4	2,5	1,8	0,8	0,2	2,4	1	1,8	1,4	-0,4	0,2	1,8	1,5	0,4	0,2	1,2
№	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30								
О.м	0,2	0,2	1	2,2	2,2	2,4	2	2	1,6	0,4	2								

Олай болса, сыналушы студенттерде эмоционалды хабарлылық орта есеппен 10, өз эмоцияларын басқару 8-ге, өзін ынталандыру 7-ге, эмпатия 9-ға, басқалардың эмоцияларын тану 9-ға тең болды.

Денсаулық өзгерген жағдайдағы үш категория бойынша әрбір шәкіл көрсеткіштері арасындағы айырмашылықтарын көру үшін келесі диаграмманы ұсынамыз (3-сурет).



3-сурет. Сыналушыларда денсаулық өзгерген жағдайдағы эмоциялық интеллектідегі ерекшеліктер

Бұл диаграммадан денсаулық өзгерген жағдайда эмоциялық интеллектінің құрамындағы айырмашылықтар көрінеді: эмоциялық хабарлылық бойынша ең жоғары көрсеткіш студенттерде, ал қалған төрт шәкіл бойынша ең жоғары көрсеткіш оқушыларда болды.

Әрі қарай денсаулығы қалыпты жағдайдағы сыналушылардың эмоциялық интеллектіндегі ерекшеліктерді анықтадық. Мұнда оқушылар, студенттер, ересектер арасындағы айырмашылықтың мәнділігін білу үшін Стюдент критерийін қолдандық.

Салыстыру нәтижелерін жалпылап сипаттайық.

1. Ересектер мен студенттер арасындағы эмоциялық хабарлылықтары бойынша эмпирикалық мән $t_3=4.48$ болды. Бұл мән $p \leq 0,05$, $t_k=2,101$, $p \leq 0,01$, $t_k=2,878$, $p \leq 0,001$, $t_k=3,922$ мәндерінен артық болып шықты. Олай болса, ересектер мен студенттер арасында эмоциялық хабарлылықтары бойынша мән статискалық мәнділігі жоғары болды.

2. Ересектер мен студенттер арасындағы өз эмоцияларын басқаруы бойынша эмпирикалық мән $t_3=0.68$ болды. Бұл мән $p \leq 0,05$, $t_k=2,101$, $p \leq 0,01$, $t_k=2,878$, $p \leq 0,001$, $t_k=3,922$ мәндерінен кем болып шықты. Олай болса, ересектер мен студенттер арасындағы өз эмоцияларын басқаруы бойынша мәнді айырмашылық жоқ.

3. Ересектер мен студенттер арасындағы өзін-өзі ынталандыру бойынша эмпирикалық мән $t_3=0.84$ болды. Бұл мән $p \leq 0,05$, $t_k=2,101$, $p \leq 0,01$, $t_k=2,878$, $p \leq 0,001$, $t_k=3,922$ мәндерінен кем болып шықты. Олай болса, ересектер мен студенттер арасындағы өзін-өзі ынталандыру бойынша мәнді айырмашылық жоқ.

4. Ересектер мен студенттер арасындағы эмпатия бойынша эмпирикалық мән $t_3=0.70$ болады. Бұл мән $p \leq 0,05$, $t_k=2,101$, $p \leq 0,01$, $t_k=2,878$, $p \leq 0,001$, $t_k=3,922$ мәндерінен кем болып шықты. Олай болса, ересектер мен студенттер арасындағы эмпатиясы бойынша мәнді айырмашылық жоқ.

5. Ересектер мен студенттер арасындағы басқалардың эмоциясын тануы эмпирикалық мән $t_3=0.36$ болады. Бұл мән $p \leq 0,05$, $t_k=2,101$, $p \leq 0,01$, $t_k=2,878$, $p \leq 0,001$, $t_k=3,922$ мәндерінен кем болып шықты. Олай болса, ересектер мен студенттер арасындағы басқалардың эмоциясын тану бойынша мәнді айырмашылық жоқ.

Енді оқушылар мен студенттердің айырмашылығын анықтадық:

1. Оқушылар мен студенттер арасындағы эмоциялық хабарлықтары эмпирикалық мән $t_3=-1.29$ болады. Бұл мән $p \leq 0,05$, $t_k=2,080$, $p \leq 0,01$, $t_k=2,831$, $p \leq 0,001$, $t_k=3,819$ мәндерінен кем болып шықты. Олай болса, эмоциялық хабарлықтары бойынша мәнді айырмашылық жоқ.

2. Оқушылар мен студенттер арасындағы өз эмоциясын басқаруы бойынша эмпирикалық мән $t_3=2.93$ болады. Бұл мән $p \leq 0,05$, $t_k=2,080$, $p \leq 0,01$, $t_k=2,831$, $p \leq 0,001$,

$t_k=3,819$ мәндерімен тең болып шықты. Олай болса, өз эмоциясын басқаруы бойынша мәнді айырмашылық жоқ.

3. Оқушылар мен студенттер арасындағы өзін ынталандыруы бойынша эмпирикалық мән $t_3=4.41$ болды. Бұл мән $p \leq 0,05$, $t_k=2,080$, $p \leq 0,01$, $t_k=2,831$, $p \leq 0,001$, $t_k=3,819$ мәндерінен артық болып шықты. Олай болса, өзін ынталандыруы бойынша мән статистикалық жағынан жоғары болды.

4. Оқушылар мен студенттер арасындағы эмпатия бойынша эмпирикалық мән $t_3=2.88$ болды. Бұл мән $p \leq 0,05$, $t_k=2,080$, $p \leq 0,01$, $t_k=2,831$, $p \leq 0,001$, $t_k=3,819$ мәндерімен тең болып шықты. Олай болса эмпатия бойынша мәнді айырмашылық жоқ.

5. Оқушылар мен студенттер арасындағы басқалардың эмоциясын тануы бойынша t эмпирикалық мән $t_3=0.08$ болады. Бұл мән $p \leq 0,05$, $t_k=2,080$, $p \leq 0,01$, $t_k=2,831$, $p \leq 0,001$, $t_k=3,819$ мәндерінен кем болып шықты. Олай болса басқалардың эмоциясын тануы бойынша мәнді айырмашылық жоқ.

Сонымен, ересектер-студенттер мен студенттер-оқушылар арасындағы эмоциялық интеллектінің денсаулық жағдайына байланысты айырмашылығын анықтаған соң, ересектер мен оқушылар арасындағы айырмашылықты тексеруді артық деп санадық.

Олай болса, жүргізілген зерттеу жұмысында маңызды тенденциялар қатары анықталды.

1. Студенттердің денсаулықа байланысты эмоциялық интеллектісі ересектерге қарағанда жоғары деңгейді көрсетті.

2. Денсаулық жағдайы бойынша сыналұшы оқушылар мен студенттерде эмоциялық интеллектінің жоғары көрсеткіштері анықталды.

3. Ал, ересектер студенттер мен оқушыларға қарағанда денсаулыққа байланысты эмоциялық интеллектінің төмен көрсеткіштерімен сипатталды.

Осы тұста ескерте кетейік, біз бұл жұмыста тек денсаулығы қалыпты сыналұшылар бойынша категориялар арасындағы эмоциялық интеллект дамуындағы өзара айырмашылықтарды айқындадық. Ал, денсаулығы өзгерген сыналұшылар бойынша эмоциялық интеллект ерекшеліктерін салыстырып, анықтау келесі зерттеу жұмыстарының үлесінде болады.

Сонымен, эксперименттік зерттеу денсаулық жағдайының адамдардың эмоциялық интеллектісіне әсер ететінін көрсетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Дарвин Ч., Экман П. «О выражении эмоций у человека и животных» <http://www.persev.ru/book/ch-darvin-vyrazhenie-emociy-u-cheloveka-i-zhivotnyh>.
2. Mayer J.D., Caruso D.R., Salovey P. Emotional Intelligence meets traditional standards for an intelligence // Intelligence. -1999. -V. 27. -P. 267-298.
3. Mayer J.D., Salovey P. The intelligence of emotional intelligence // Intelligence. - 1993. - P. 433-442.
4. Mayer J.D., Salovey P., Caruso D. Emotional intelligence: Theory, Findings, and Implications // Psychological Inquiry. -2004. -V. 15. - N 3. -P. 197-215.
5. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. – М.: АСТ: Хранитель, 2008. – 478 с.
6. Bar-On R. Development of the Bar-On EQI: A measure of emotional intelligence // Paper presented at 105th Annual Convention of American Psychological Association. - Chicago, 1997.
7. Гарскова Г.Г. Введение понятия «эмоциональный интеллект» в психологическую теорию // Тез. науч.практ. конф. «Ананьевские чтения». СПб.: Изд-во СПб Ун-та, 1999. - С. 25-26.
8. Андреева И.Н. Эмоциональный интеллект: исследования феномена // Вopr. психол. 2006. - № 3. - С. 78-86.
9. Эмоциональный интеллект как фактор продуктивности деятельности учителя//Акмеология: личностное и профессиональное развитие. - М.: РАГС, 2004. - С. 163-166.